

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

# «Comic Con Astana»: Креативті ойлар керуені

Күні кеше ғана ел астанасында халықаралық «Comic Con Astana» фестивалі басталды. Комикстер, кинематография, видео ойындар, аниме және гик-мәдениеттің өзге де бағыттарына арналған дода биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. «ЭКСПО» халықаралық көрме орталығында өтіп жатқан Орталық Азиядағы ең ірі әрі танымал, ерекше форматтағы фестивальға халықаралық студиялар, продюсерлер, танымал блогерлер мен кәсіби косплей суретшілері, сондай-ақ Голливуд жұлдыздары да арнайы ат басын бұрған.

Атап айтсақ, «Доктор Стренж», «Казино Рояль» фильмдерінде басты рөлді сомдаған Мадс Миккельсен қатысып отыр. Одан бөлек, Чак Ревью (Даниил Лазаренков) және Анастасиз (Анастасия Бурчуладзе) бейне-блогерлері, дубляж актерлері Всеволод Кузнецов, Петр Гланц, Ислам Ганджаев, Егор Васильев бар.

Фестиваль бағдарламасында кездесулер мен автограф сессиялары, арнайы көрсетілімдер мен тұсаукесерлер, косплей-шоу, комикс аллеясы, музыкалық орындаушылар мен би топтарының қойылымдары жоспарланған. Ерекше форматтағы жоба креативті идеяларға толы. Әлемдік студиялар фестиваль алаңында өздерінің интерактивті және ойын-сауық стендтерін ұсынады. Фестиваль шоу-бағдарламасының дәстүрлі элементі – Еуропаның танымал қазылар алқасының мүшелері және жүлде қоры 12 000 000 теңгені құрайтын халықаралық косплей байқауы болмақ.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестиваль аясында елімізге 5 мыңға жуық турист келеді деп жоспарланған.

«Аталған фестиваль елордада алғаш рет 2019 жылы өткен еді. Одан кейін 2023 жылы және биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Ерекше жобаның мақсаты – Астананы әлемге танытып, туризм саласын дамыту. Былтыр 50 мыңнан астам адамды қабылдаған едік. Бүгін 45 мыңнан астам билет сатылды. Жеті жасқа дейінгі балалар тегін кіреді, осылайша шамамен 100 мыңға жуық адам болады деп жоспарлап отырмыз. Мұндай фестиваль әлемде ауқымды түрде өте бермейді. Сондықтан алыс-жақын шетелдерден де 3-5 мың қонақ келді. Әрине, шекаралас жақын елдерден көбірек келеді. Фестиваль негізінен демеушілер есебінен жүргізіледі», дейді Астана қаласы инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабай.

Мәдени жобаның басты жүлдесіне қатысуға 14 елдің косплейшілері өтініш білдірген. Мәселен, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Беларусь, Ресей, БАӘ, Қытай, Гүржістан, Черногория, Ұлыбритания, Армения, Кипр және Таиланд. Косплей байқауында қазылар алқасы құрамында Даниядан келген косплейші және костюм шебері Trine, халықаралық чемпионаттардың бірнеше дүркін жеңімпазы, Франциядан келген косплейші Cinderys, сонымен қатар

тәжірибесі мол косплейші, «Comic Con Astana» 2023 косплей байқауының жеңімпазы Keller бар.

Жоғарыда атап өткеніміздей, фестивальдің басты хедлайнерлерінің бірі – «Ганнибал» сериалымен, сондай-ақ «Доктор Стренж», «Казино Рояль», «Rogue One: A Star Wars Story», «Indiana Jones and the Dial of Destiny» фильмдерімен танымал дат актері Мадс Миккельсен болмақ. Сондай-ақ ТМД елдеріне танымал «Слово пацана. Кровь на асфальте» сериалында басты рөлдердің бірін сомдаған актер Рузиль Минекаев конвентке қатысады.

Көптеген көрерменнің жанарын жаулаған дорамалар мен корей фильмдерін аударуға және дубляж жасауға маманданған танымал «SoftBox» студиясының негізін салушы «Ханзада Лимон мен Аконья» есімімен танылған Юрий және Аруна Ким де арнайы келеді.

Продюсер, суретші, survival horror және визуал хоррор жанрындағы «Зайчик» компьютер ойынының авторы Saikono Joker, «Ведьмак» жанкүйерлері үшін Maul Cosplay атымен танымал Германиядан келген атақты Геральт косплейшісі Бен Шамның қатысуы да үлкен оқиға болып отыр.

Одан бөлек, «JKS Entertainment» продюсерлік компаниясының блогерлері (Хома, Алина, Адалят, Аида және Рахат), актер Әсел Сағатова, Санжар Мәди, Гүлнар Сілбаева және Дина Тасболатова келушілермен сұхбаттасып, қонақтарға қолтаңба-сессия өткізеді. Сондай-ақ қазақстандық қонақтардың арасында режиссер Айсұлтан Сейітов бар.

Шығармашылық дода барысында «Приговор» фильм авторларының жаңа «Jurek» жобасының тұсаукесері жоспарланған. Танымал 3D Cinematic әртіс және контент-креатор Феоктист Алексеев (Design by FEO) өзінің жаңа «Bulletproof» анимациялық мультсериалын ұсынады. Сондай-ақ «Salem Entertainment» медиа-компаниясы алғаш рет «Offside», «4 градус», «QARGA 2», «Тырна», «Няня 2», «Патруль 7» сияқты алдағы бірнеше жобасын және «СӘКЕ», «Патруль» толықметражды фильмдерін көрсетпек.

Бағдарлама аясында гик-жәрмеңке, танымал авторлардың дәрістері, үстел ойындары, киберспорт қондырғылары ұсынылады. Дәстүрлі түрде талантты суретшілер, кітап және комикс авторлары, иллюстраторлар және креатив индустрияның басқа да бірқатар өкілдері жұмыстарының көрмесі – Авторлар аллеясы өтеді. Көрмеде аниме, комикстер, кітаптар, қолөнер бұйымдары немесе ерекше тауарлар сатып алуға болады. Авторлар аллеясының жұмысына 100-ден астам автор қатысады. Әлемнің түкпір-түкпірінен шығармашыл жастардың, дарынды таланттардың басын қосқан креативті жоба ел мәдениетінің дамуына ықпал етері сөзсіз. Дәстүрлі дода 28 шілдеге дейін жалғасады.

Маржан ӘБІШ